

“Отаныма 25 игілікті іс”

тақырыбында республикалық интернет-байқау

Аты-жөні: Жадыраш Айсара

Баланың жасы: 16жас

Облыс, аудан: Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы

Білім беру ұйымы: Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі, 1 курс студенті

Байқаудың және номинацияның аталуы: “Отаныма 25 игілікті іс”,
“Эссе” номинациясы. Тақырыбы: «Сіздерге алғысымыз шексіз, ардагерлер!»

Жадыраш Айсара

Жетекшісі М.М.Жақыбаева

Алматы облысы, Жаркент қаласы

Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі, 1 курс студенті

Тақырыбы: Сіздерге алғысымыз шексіз, ардагерлер!

Ақ парақ. Ойымды мазалаған сан сұрақтар. Қолыма қалам алып, ақ парақтың бетіне шимайлай жаза бастадым. Қаламымнан тамған әрбір сөзде бір құпия бар сияқты көрінді. Ақ парақтың бетін шимайлай-шимайлай соғыс алаңына айналдырғандай күй кештім. Иә, соғыс алаңы. Ұлылық пен жылылықты жан жүректеріне ұялатқан, кең байтақ даласы, тоқсан ауыз сөзді тобықтай білген данасы, қол бастаған көсемі, сөз бастаған шешені, Абайдай ақыны, Бауыржандай батыры бар қазақ елі қандай заманды басынан кешпеді?! Қанмен жазылған тарих беттерін ашып қарайтын болсақ, қаншама жандарға қарыздар екенімізді түсінеміз, ұғынамыз. Мәңгілік ел болуымыз үшін қаншама жандар мәңгілікке ғұмырлары қиды десеңші?!

Бодандықты бастан кешіріп, сұрапыл сұм соғыстың тауқыметін тартып, таяғын жеген, сыңыр да қыңыр саясаттың құрығына түскен қазақ елі бүгінде ардагерлеріміздің, қайсар бабаларымыздың арқасында тәуелсіздіктің төрінде, бейбітшіліктің бесігінде тербеліп отыр. Ардагерлеріміз қаншама жылдар тар жол тайғақ кешсе де, ұлтымыздың, ұрпағымыздың болашағы мен бақыты үшін табандылықпен күресті. Жеңіс туын желбіретті.

Қарты бар ел-қазыналы ел! Соғыста елі үшін, жері үшін кеуделерін отқа да оққа да төсеген жандарды қадір тұту бүгінгі ұрпақтың парызы. Соғыс ардагерлерінің алдында бәріміз қарыздармыз.

Болашақ ұрпаққа бейбіт күн сыйлаған есімдер ел есінде мәңгі сақталып, ерліктеріңіз өскелең ұрпаққа аңыз болып, тарихтың сан тарап жолдарында сіздердің есімдеріңіз алтын әріптермен жазылмақ ардақты ардагерлер! Сіздерге айтар алғысымыз шексіз. Сіздер кешегі күн мен бүгінді, бүгінгі мен болашақты мәңгі нұрландырып тұратын шамшырақсыздар. Сіздердің сәулелеріңіз ешқашан өшпек емес.

«Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген қазақта жақсы мақал бар. Саусақпен санарлықтай қалған ардагерлерімізді ардақтап өтейік, ағайын!